



ГОНКОНГ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ

ГОНКОНГ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

5 деңгей



MPF
(Mandatory
Provident
Fund)

жинақтаушы жүйесі 2000 жылы енгізілген болатын, ол соңғы он жылдықта Гонконг жинақтаушы жүйесіндегі ең ауқымды өзгеріс болды. Демографиялық ахуал MPF жүйесін құрудың басты себептерінің бірі болды (Гонконгте халық тез қартаюда).


0. Бюджеттен кедейлік бойынша мемлекеттік жәрдемақы (мысалы, Comprehensive Social Security Assistance Scheme – өз-өзің қамтамасыз ете алмайтындарға қолдау көрсету үшін).

1. Бюджеттен өзге де мемлекеттік әлеуметтік жәрдемақылар.

2. Барлық жұмыспен қамтыған халық үшін міндетті аударымдары бар жинақтаушы жоспарлау (DC)

3. Ерікті жеке жинақтар мен сақтандыру.

4. Бейресми материалдық қолдау (оның ішінде отбасыдан);
Басқа ресми әлеуметтік бағдарламалар (оның ішінде медициналық қызмет көрсету мен тұрғын үймен қамтамасыз етілу);
Басқа меншікті активтер (оның ішінде жылжымайтын мүлікке иелік ету).



MANDATORY PROVIDENT FUND
SCHEMES AUTHORITY

MPF ЖИНАҚТАУШЫ ЗЕЙНЕТАҚЫ ЖҮЙЕСІ


Гонконгтың зейнетақымен қамсыздандыруының 2-деңгейі аясында (жинақтаушы компонент) жұмыс жасайтын халық, сондай-ақ жұмыс берушілер (өз есебінен қызметкерлер пайдасына) міндетті жарналарды MPF (Mandatory Provident Fund) жинақтаушы зейнетақы жүйесіне аударыды.



MPF ЖҮЙЕСІНІҢ СИПАТТАМАСЫ

- ✓ 2000 жылдың желтоқсанында іске қосылды
- ✓ Міндетті жүйе
- ✓ 18 жастан 65 жасқа дейінгі барлық жұмыспен қамтылған тұлғалар мен жұмыс жасайтын тұлғалардың кемінде 60 күн қатысуы
- ✓ Жинақтаушы тип (DC) – жарналар: қызметкердің табысынан қызметкер мен жұмыс берушіден 5%-дан
- ✓ Жеке басқаруда: уәкілетті тұлғалар (Trustees)
- ✓ Жұмыс берушілер жоспар таңдайды; қызметкерлер портфельдерді таңдайды
- ✓ MPF жүйесінің қызметін қадағалау және реттеу бойынша қызметті MPFA (Mandatory Provident Fund Schemes Authority) жүзеге асырады

MPF ЖҮЙЕСІНІҢ ҚҰРЫЛЫМЫ



MPF зейнетақы жоспарларының 3 типі

Траст жоспар шебері - жалдамалы жұмысшылар, өзін-өзі жұмыспен қамтыған тұлғалар үшін ашылған MPF зейнетақы жоспарларының анағұрлым кең таралған типтері.

Жұмыс берушінің жоспарлары - жоспардың осы түріне мүшелік бір жұмыс берушінің қызметкерлерімен және онымен байланысты компаниялармен шектелген.

Салалық жоспарлар - қоғамдық азық-түлік және құрылыс өнеркәсібі саласының қызметкерлері, атап айтқанда уақытша жұмысшылар (яғни тәуліктік негізде немесе кемінде 60 күн жұмыс істейтіндер) үшін құрылған зейнетақы жоспарлары.

Trustee (MPF жоспарды басқарушы)

Сенім білдірілген тұлға немесе MPF зейнетақы жоспарын жауапты басқарушы – MPFA сенім білдірген тұлға ретінде мақұлдаған жеке тұлға немесе компания. MPF жоспарды басқарушы немесе Trustee сенім білдірілген тұлғаның міндеттерін салымшылардың мүддесіне орай атқарады. Trustee кастодиан белгілеріне сәйкес келмеген жағдайда активтерді сақтау үшін тиісті кастодианды тағайындайды, сондай-ақ инвестицияларды басқару бойынша тәуелсіз инвестициялық менеджерді тағайындайды.



Жұмыс берші жұмысқа орналасқан сәттен бастап 60 күн ішінде MPF жүйесінің зейнетақы жоспарларына қызметкерлерді қосады. Зейнетақы жоспары/зейнетақы жоспарларын жұмыс беруші жеке анықтайды. Егер жұмыс беруші бірнеше жоспарға қосылған болса қызметкер зейнетақы жоспарын таңдауға құқылы.


MPF ЖҮЙЕСІНЕ МІНДЕТТІ ЖАРНАЛАРДЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ

MPF жүйесі шеңберінде жұмыс берушілер мен жұмыскерлер ең төменгі және ең жоғарғы деңгейлерді ескере отырып MPF зейнетақы жоспарларына қызметкердің тиісті жалақысынан 5% мөлшерінде МЗЖ-ны үнемі аударып отыру керек. Ай сайынғы еңбекақысы бар қызметкерлер үшін табыстың ең төменгі және ең жоғарғы деңгейі 7100 (391 мың тг) және тиісінше 30 000 (1,7 млн тг) гонконг долларын құрайды.

	Ай сайынғы жалақы	Міндетті жарналар мөлшерлемесі	
		Жұмыс беруші	Қызметкер
	Кемінде 7 100 гонконг доллары	Жалақы X 5%	Жарна талап етілмейді
	7 100 гонконг долларынан бастап 30 000 гонконг долларына дейін	Жалақы X 5%	Жалақы X 5%
	30 000-нан астам гонконг доллары	1 500 гонконг доллары (83 мың теңге)	1 500 гонконг доллары (83 мың теңге)

Қызметкерлер мен жұмыс берушілер міндетті жарналарға қосымша ерікті жарналарды енгізуге құқығы бар.

MPF ЖҮЙЕСІНІҢ ЖҰМЫС ІСТЕУІ



MPF зейнетақы жоспарына қосылар кезде Trustee қатысушыға “Жазбаша ұсыныс” береді, онда жоспар аясында қолжетімді инвестициялық портфельдер сипатталған. Осылайша, қатысушы өзінің жеке инвестициялық мақсатына, тәуекелге деген қадамына және жеке ұйғарымдарына сүйене отырып қандай инвестициялық портфельге және қандай мөлшерде инвестициялау керек екенін дербес таңдай алады. Қатысушы портфельді/портфельдерді таңдағаннан кейін Trustee қаражатты сәйкесті портфельге/портфельдерге орналастырады.

Егер MPF тіркеу нысанында өз инвестициялық таңдауын нақтыламаса, онда Trustee жарналарды автоматты түрде ұйғарым бойынша (Default Investment Strategy, DIS) инвестициялау стратегиясына сәйкес инвестициялайтын болады. Қатысушылар қалауы бойынша DIS-ке сәйкес немесе DIS аясында портфельдерге өз жарналарын инвестициялауды таңдай алады.



Жұмыс берушінің жарналары 5%




Қызметкердің жарналары 5%



Салымшы инвестициялық портфельдерді және оларға инвестициялау көлемін өзі жеке таңдайды*

- TRUSTEE**
- ✓ Түскен жарналарды қабылдайды және салыстырады
 - ✓ Жарналарды ЖЗШ-ға есептейді
 - ✓ Жарналарды салымшы таңдаған портфельдерге үлестіреді
 - ✓ Инвестициялық кірісті жеке зейнетақы шотына үлестіреді
 - ✓ Салымшының соңғы қаржы жолына инвестициялауы мен портфельдердің жай-күйі туралы соңғы ақпарат көрінетін ақпараттық анықтамалар мен жеке үзінді көшірмелерді тұрақты негізде береді.

- ✓ Қызметкер мен жұмыс берушінің жарналарын жұмыс беруші TRUSTEE жібереді.





САЛЫМШЫНЫҢ MPF ШОТЫ

- ✓ Салымшылар жүйелі жарналар есебінен өз зейнетақы жинақтарын арттырады.
- ✓ Салымшылар Интернет немесе телефон арқылы өздерінің MPF шоттарының мәртебесін тексере алады және инвестициялардың бөлінін өзгерте алады немесе MPF (MPF Fund Platform).


ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ МЕНЕДЖЕР

- ✓ Инвестициялық стратегияға сәйкес қаржы құралдарына зейнетақы активтерін инвестициялайды.



* егер MPF салымшысы өз инвестициялық таңдауын жасамаса, онда Trustee автоматты түрде жарналарды ұйғарым бойынша зейнетақы жоспарында белгіленген портфельге/портфельдерге инвестициялайды.

БЕС НЕГІЗГІ MPF ИНВЕСТИЦИЯЛЫҚ ПОРТФЕЛЬДЕРІ



Индекстік портфель: қатысушылар индекстік портфельді де таңдай алады. Индекстік портфельдің жалғыз мақсаты – белгілі бір нарықтық индекстің тиімділігін бақылай алады, мысалы Hang Seng индексі.



MPF қатысушылары жылына бір рет өз зейнетақы жарналарының (жұмыс берушінің жарналарын қоспағанда) және инвестициядан түскен кірісін бөлігін таңдауына қарай басқа жоспарға және басқа Trustee аударуға құқылы. Жоспар мен Trustee жеке таңдау құқығы жұмыстағы жарналарға және өзін-өзі жұмыспен қамту аясында аударылған жарналарға да таралады. Жұмыс берушінің міндетті жарналары есебінен қалыптасқан жинақтар берілмейді және жоспарда сақталады және еңбек мерзімі аяқталғанға дейін жұмыс беруші таңдаған Trustee басқаруында болады.

Trustee жеке таңдау кезінде қатысушылар көрсетілетін қызметтер тізбесі мен барлық қажетті ақпаратты алу үшін тікелей Trustee жүгіне алады немесе MPFA сайтындағы салыстырмалы платформаны пайдалана алады (Trustee e Service Comparative Platform). Аталған веб-платформадан ұсынылған инвестициялық портфельдер бөлігінде Trustee қызметтері мен түрлі жоспарларды, шоттарды басқару талаптарын, сондай-ақ басқа қызметтерді салыстыруға және талдауға болады.



Trustee тұрақты түрде қатысушыларға ақпараттық бюллетендер (Fund fact sheets) мен жеке шоттан үзінді көшірмелерді беріп отырады, оларда алдыңғы қаржы жылы үшін қатысушылардың шоттарындағы инвестициялар мен соңғы ақпарат қамтылған.

MPF ЖҮЙЕСІНЕН ЗЕЙНЕТАҚЫ ТӨЛЕМДЕРІ

Заңнама бойынша MPF-тан зейнетақы төлемдері **65 жасқа толғанда ғана тағайындалады** (міндетті және ерікті жарналар есебінен)

65 жасқа толғанда салымшы:

- ✓ Кесте бойынша төлем ала алады
- ✓ Жинақтарын біржолғы ала алады
- ✓ MPF жоспарында қала алады және инвестициялық кіріс ала алады

Келесі жағдайларда MPF-тан төлемдер салымшыларға 65 жасқа толғанға дейін тағайындалады

- Зейнетақы 60 жастан 64 жасқа дейін алдын ала шығу (талабы: барлық еңбек қатынастарын және өзін-өзі жұмыспен қамтуды тоқтату, сонымен қатар MPF қатысушысы бұдан былай еңбек қызметімен айналысқысы келмейтіні туралы ресми өтініш қажет)
- Емделуі тиімін ауру (бағдарламаға қатысушылар өмір сүру уақыты 12 айға дейін болатын аурудың бар екендігі туралы мед. куәлік ұсынуы керек)
- Шоттағы қалдық 5 000 гонконг долларынан аспайды (275 мың теңге)
- Салымшының қайтыс болуы (салымшының жинақталған қаражаты мүліктің бір бөлігі ретінде қаралатын болады және оны жеке өкілі (мұрагері) немесе ресми орган талап ете алады)

➤ Гонконг шегінен тыс ТТК-ға кету

➤ Толық жұмысқа жарамсыздықтың орын алуы